



Шәпиев Б.

**ИСЛАМ ДІНІНІҢ
ЕЛІМІЗДЕ ТАРАЛУ
ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР
ӘДІСТЕМЕЛІК
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ**

В данной статье рассматриваются некоторые методологические вопросы и основные этапы распространения ислама на территории Казахстана.

In this article several methodological points about spreading of Islam on the Kazakhstan territory and its basic stages are considered

Тәуелсіздікке дейін халқымыз әрісі Ресей империясы, берісі Кеңестік дәуірде жан-жақты қысым құрсауына түсіп, кеңестік идеология шеңберінде өмір кешіп, өзінің адами-ұлттық болмысынан, тарихи мәдениетінен, бүкіл рухани құндылықтарынан айырылып қалудың аз-ақ алдында болғаны белгілі. Өткен өмірімізді бүгінгі күн деңгейінен зерделеп қарасақ, кеңестік «мақтаулы саясаттын» ең түпкі мақсатының бірі – ұлтымызды рухани мәдениетінен айыра отырып, орыстандыру, яғни тұтастай ұлтты жою болғанын білеміз. Және бұл мақсаттағы іс-әрекеттері белгілі бір деңгейде өз нәтижесін берді.

Бүгінде халқымыздың рухани мәдениетінің белді бір бөлігі дінімізді қалпына келтіру мемлекеттік, ұлттық мәселеге айналып отыр. Бұл бағытта Үкіметіміз де барынша қолайлы жағдай тудыруға жұмыстануда. Бірақ, оларды жуық арада қалпына келтіре қою, ғылыми тұрғыдан, оңай нәрсе емес. Ол үшін жана ғылыми әдістемеге, бағытқа негізделген зерттеу жұмыстары керек. Бұл дініміздің елімізде таралуы, дамуы, орнығуы жөніндегі тарихын, адам болмысы мен қоғам өміріндегі орнын зерттеуде бұрынғы әдістемелік жолдан бас тартып, жаңа ғылыми әдістемеге, бағытқа негізделген зерттеу жұмыстары қажет деген сөз. Тарихшы ғалым З.Жандарбек айтқандай: «Бұл мәселелерді толық айқындамайынша, қазақ халқының тарихын да, өзге түркі халықтары тарихын да тарихи шындық тұрғысынан жазу мүмкін емес. Өйткені, Кеңес дәуірінде қазақ тарихы мен жалпы рухани мәдениетіне материалистік тұрғыдан жасалынған талдау, қазақ халқының дәстүрлі тарихы мен мәдениетіне берілген ауыр соққы болды»[1.7]. Басқаша айтқанда ұлттық тарихымызда, соның ішінде ислам дінінің елімізге енуі тарихында, даму ерекшелігінде, ұлт болмысындағы алатын орны мен атқаратын рөлін де ашып көрсете алмады.

Бұған басты себептер, біріншіден, қалыптасқан кеңестік идеология жүйесі болса, екіншіден, әлеуметтік-қоғамдық құбылыстарды, соның ішінде дін мәселесінде, К.Маркс пен Ф.Энгельстің тарихты материалистік тұрғыдан түсіну теориясы және соған ыңғайланған әдістеме болды. Бұл теория материалдық құндылықтарға жеке адамның өзінен бастап, ол өмір сүретін қоғамға дейін тәуелді екенін көрсетіп бақты. Материалдық болмысты рухани болмыстан жоғары қоя отырып, адамды материалдық құндылыққа тәуелді етті немесе руханилықты материалдықтан шығатын құбылыс ретінде көрсетті. Осылайша екеуінің арасындағы заңды табиғи байланысты көрмеуге тырысты. Бұл теориясын дәлелдеу үшін К.Маркс «Болмыс (материалдық) сананы (руханилықты) анықтайды» деген қағиданы ұсынды. Ол өзінің «әлемдік ұлы жаңалыққа» баланған бұл қағидасын



теориялық тұрғыдан былай түсіндірді: «Адамдар өз өмірінде, қоғамдық қатынас барысында, өзінің еркінен тыс, бірақ қажетті қатынастарға, өндірістік қатынастарға түседі және ол қатынас өндіргіш күштердің белгілі бір даму сатысына сай келеді. Бұл өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның базисі, негізі. Материалдық өндіріс өзіне лайықты әлеуметтік, саяси, рухани процестерді қалыптастырады. Тұрмысты сана билемейді, керісінше, тұрмыс сананы билейді»[2.7].

Басқаша айтқанда, тарихты материалистік тұрғыдан тану, түсіндіру өз кезегінде, жеке адамды материалдық құндылықтар үшін рухани құндылықтарды құрбан етуге даяр, тек өз қара басын ғана ойлайтын, сол үшін өмір сүретін тіршілік иесіне айналдырды. Ал, адам артында жекелеген адамдар тобы, ұлт, халық, мемлекет тұрғандығына көңіл аудармады.

Өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына маркстік әдістемелік өлшемді басшылыққа алған бұрынғы тарихшылардың, басқа да қоғамдық ғылымдар салалары зерттеушілерінің басым көпшілігі ұлы қазақ даласындағы болған барлық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және т.б., үдерістердің негізгі қозғаушы күші рухани үдерістердің болғандығын ескермеді. Нәтижесінде үлкен қателіктерге жол берілді. Халқы негізінен жартылай көшпелі, жартылай отырықшы болған Орта Азия халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да дәстүрлі тарихын материалистік тұрғыдан түсіндіру шеңберіне сыймайтын, ерекше феномен болғандықтан оны жалпылама, өздеріне ыңғайлы түсіндіру қалпына салды. Шынайы тарихтың орнына өзге халықтардың, атап айтқанда, араб, парсы, қытай, еуропалықтардың кезбе тарихшылары мен саясатшыларының, мәдениеттанушылары мен діндарларының, жағырапияшыларының және т.б. зерттеулерінің қолжазбалары мен еңбектерінің негізінде халқымыздың басқа тарихы жазылып, шынайы тарих ретінде жарық көрді. Басқалардың біздің дұрыс тарихымызды жазбайтынын түсінбеді. Халықтың рухани дүниесіне, мәдениетіне дұрыс назар аударылмастан, көп жағдайда жеңіл түрде, жүрдім-бардым қарастырылды. Біз жоғарыдағы кемшіліктерден әлі толық арыла алмай отырмыз.

Тек соңғы он жылдың көлемінде ғана ғалымдарымыз бұл мәселеге көңіл аудара бастады. Мысалы, халқымыздың тарихын зерттеуде маркстік материалистік көзқарастың сай келмейтінін белгілі этнограф-тарихшы Ж. Артықбаев ғылыми тұрғыдан төмендегіше түсіндіреді: «Біздің байқағанымыздай, тарихи қазақтанудағы басты кемшілік пен шектеулілік тарихқа бір жақты материалистік тұрғыдан талдау жасауға байланысты болып отыр және ол қоғам мен мемлекеттің тарихилығымен байланысты. Тарихты материалистік тұрғыдан зерттеу евроцентризммен, маркстік методологиялық түсініктермен, парадигмалармен тікелей байланысты» [3.37].

Сонымен қатар, К.Маркстің адамзат тарихын қоғамдық-экономикалық формацияларға (құрылыстарға) бөлгені белгілі. Бұл негізінде жоғарыдағы теориясының дұрыстығын дәлелдеуден туындаған. «Өндірістік қатынас - деп жазды К.Маркс, - жиынтығында, қоғамдағы қоғамдық қатынастарды құрайды және ол қоғамдық дамудың белгілі бір сатысына сай болады. (Алғашқы қауымдық құрылыс, антикалық, құл иеленушілік кезең, феодализм дәуірі, капитализм дәуірі, коммунистік қоғам)» [4.442].

Бұл формациялар туралы ілім батыстың отырықшы, егінші халықтарының тәжірибесінде жасалды. Көшпелі халықтар бұл қоғамдық құрылыстар туралы ұғымға да, мемлекет деген ұғымға да сыймай қалды [3.38].

Маркстік әдістемені басшылыққа алған ғалымдарымыз маркстік қоғамдық құрылыстардың қазақ даласындағы қоғамдық құрылысқа сай келмейтінін, мұндағы құрылыстың өз даму сатылары мен тарихи үдерістердің өзіндік даму ерекшеліктері барлығын, оларды материалистік тұрғыдан түсіндіруге болмайтынын да ескермеді. Есесіне, қазақ халқындағы рулық, тайпалық, жүздік жүйенің, ежелгі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, діннің сақталуын халықтың әлі алғашқы қауымдық, феодалдық құрылыс шеңберінен шықпағандығын, соның салдарынан дамудың жоғарғы сатысына көтерілмейтіндігін, сондықтан да олардың артта қалушылығын көрсететін басты көрсеткіш ретінде сипаттады.

Соңғы жылдары ғалымдарымыз бұл мәселеге де көңіл аудара бастады. Ж.Артықбаев бұл жөнінде: «Тарихты зерттеудегі формациялық өлшем – адамзат тарихындағы сан түрлілікті жоққа шығарды. Қоғамдық өмір мен мемлекеттіліктің тууын таптық күрестің тууымен, байлар мен кедейлер арасындағы қарама-қайшылықтың болуымен байланыстырды»[3.38].

Тарихи-материалистік, формациялық өлшемге сай келмейтін қазақ тарихы түгіл, Маркс тарихқа материалистік көзқарас теориясын қалыптастыруда, тарихи тәжірибесіне негізге етіп алған Батыс Еуропа халықтарының өзі бұл теорияның қате екендігін, тарихи шындық мүлде басқаша екендігін дәлелдеп шықты. Соңғы 40-50 жыл көлемінде Батыс Еуропа ғалымдарының жүргізген археологиялық,



текстологиялық зерттеулерінің нәтижелері маркстік қоғамдық формациялар туралы ілімнің тарихи негізі жоқтығын толық дәлелдеп берді [1.9].

Ең бастысы, маркстік әдістеме болған тарихи оқиғаларды есепке алумен ғана шектелді. Ал, ол оқиғалардың негізгі себептері, қозғаушы күші ретінде таптық қайшылықтар көрсетіліп, қоғамның діни, мәдени жақтары соның көлеңкесінде қалып, есепке алынбады. Басқаша айтқанда, тарихты зерттеу сынаржақ, бірбеткей сипатта болды.

Ж.Артықбаев қазақ тарихын зерттеу әдістемесіне қатысты ойын былай тұжырымдайды: «Евразия даласы көшпенділерінің мәдени жетістіктерін толығымен бойына сіңірген қазақ қоғамы өзінің ішкі құрылымы жағынан да, сыртқы құрылымы жағынан да, мән-мағынасы жағынан да ерекше құбылыс болып табылады. Көшпелі қоғамның өмір сүру негізінде қайталанбайтын, өзгелермен салыстыруға келмейтін өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда Батыстың да, Шығыстың да мәдени өлшеміне сай келмейтін ерекше мәдениет қалыптасқан. Осы ерекшелікті сезіну – методологиялық парадигманы өзгертуге негіз болуы тиіс. Бәрінен бұрын тарихи таным өзегіне материалдық көрсеткіштер емес, рухани құндылықтар: қоғамдық сана, әлеуметтік-мәдени құндылықтар сияқты факторлар қойылуы тиіс» [3.37-38]. Ғалым тарихымызды зерттеудің басты әдістемелік бағытын нақты айқындап, жаңа әдістемені қолдану керектігін көрсетіп отыр.

Қазақ халқының рухани дүниесінің басты өзегінің бірі – ислам діні. Бүгінгі күні дінімізді зерттеу жұмыстарының негізгі әдістемесі мен бағыттарын анықтау қажеттігі туындап отыр. Өйткені, ислам діні, ислам әлемі өте үлкен, ауқымды ұғым.

Екіншіден, Ислам дінінің арғысы түрік, бергісі қазақ халқының арасында таралуы қиы-қиы заманды басынан өткізгені белгілі. Сондықтан, оның елімізде таралу тарихын және даму ерекшеліктерін тарихи жағынан мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруымыз қажет. I кезең: Ислам дінінің түрік жерінде алғашқы таралу кезеңі (VIII ғ. 2-ші жартысы – XIII ғ. аралығы). II кезең: Шыңғыс хан шапқыншылығы мен Қазақ елінің қалыптасуына дейінгі кезең (XIII ғ. басы – XV ғ. ортасына дейін). III кезең: Қазақ хандығының өмір сүру уақыты (XV ғ. ортасынан – XVIII ғ. ортасына дейін). IV кезең: Ресей бодандығындағы уақыттағы дініміздің дамуы (XVIII ғ. ортасынан 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін). V кезең: Кеңес Одағы кезіндегі дініміздің дамуы (1917-1991 жылдар аралығы). VI кезең: тәуелсіздік алған уақыттан қазіргі күнге дейінгі уақыт.

Бұл кезеңдердің өз ерекшеліктері бар. Мысалы, бір кезеңде ислам дінінің таралуына, дамуына әсер еткен жағымды саяси-идеологиялық, әлеуметтік-мәдени мүмкіндіктер болса, екінші бір кезеңде керісінше, мүмкіндіктер көзі азайып, даму мүмкіндігі белгілі бір шеңберге дейін шектеліп, ал, келесі бір кезеңде мүлде басқаша даму үдерісіне көшіп, немесе тіпті дамымай қалу алдында болғандығы белгілі.

Сонымен бірге, кейбір кезеңдердің әлі ашылмаған, анықталмаған құпиялары немесе теріс түсініктері де, ішкі даму сатылары мен ерекше жақтары да баршылық. Бұл дініміздің даму ерекшеліктерін түсінуде талдау мен жинақтау (анализ және синтез) әдістерін барынша қолдануды қажет етеді.

Екіншіден, жоғарыдағы көрсетілген кезеңдер бойынша ислам дінінің таралу, даму тарихын қарастыру оның адами, ұлттық болмысымызға ену ерекшеліктері мен рухани өміріміздегі алатын орнын нақты көрсетеді. Осыны дәлелдеу үшін, бір мақала ауқымында барлық кезеңді қарастыру мүмкін еместігін ескере отырып, жоғарыда көрсетілген кезеңдер ішінен ислам дінінің елімізде алғашқы таралу кезеңін тарихи-философиялық тұрғыда қарастырып көрейік. Ескеретін жағдай, бұл кезең жөнінде әлі күнге дейін ғылыми ортада қарама-қарсы екі ұшты ой қалыптасқан.

Жалпы ислам дінінің елімізде таралу мерзімі ғылыми-тарихи шығармаларда, ұлттық тарихымызда 951 жыл деп бекіп қалған. Сондықтан, Ислам дінінің елімізге келуі мен орнығуын тарихшылардың, дінтанушылардың, мәдениеттанушылардың басым көпшілігі, бүгінгі күнге дейін, осы уақыттан бастап келеді. Зерттеушілер түркі халықтарының ислам дініне кіруін Саманилердің Испиджаб, Шавгар, Тараз қалаларын IX ғасырда басып алуымен байланыстырады. Тек қана В.В.Бартольд VIII ғасырдың өзінде Қарлұқ және Тибет билеушілерінің исламды қабылдағаны жөнінде деректер бар екенін мойындай отырып, бірақ та, исламды VIII ғасырда түркілердің қабылдауы мүмкін емес деген қорытындыға келеді [5.245]. Бірақ, неге мүмкін еместігі көрсетілмейді. Біздің ойымызша, мұндай шешімге келуінің басты себебі тарихи дерек көздерінің жеткіліксіз болуы және түрік тайпалары арасындағы табиғи байланысты жеткілікті білмеуіне немесе түсінбеуіне байланысты болса керек.



Біздің ойымызша, барлық зерттеушілерді шатастырған араб тарихшысы Ибн әл-Асирдің еңбегіндегі түріктер ислам дінін 951 жылы Сатұқ Бұғра хан Абд ал-Керим кезінде қабылдады деген дерек болса керек. Алайда соңғы кездегі тарихи-ғылыми зерттеу жұмыстары бұл деректің тарихи шындыққа сай келмейтінін көрсетіп отыр.

Ислам дінінің алғаш елімізге келуіне қатысты тарихи-ғылыми зерттеулер отандық тарихшылар тарапынан бұрын нақты қарастырылмаған. Тек соңғы жылдары ғана бұл тақырыпқа жаңа ғылыми бетбұрыс басталды. Бұл жөнінде философ-ғалым М.Орынбековтің «Генезис религиозности в Казахстане», тарихшы-ғалымдар З.Жандарбектің «Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы», «Йасауи жолы және қазақ қоғамы», Н.Нұртазинаның «Қазақ мәдениеті және ислам» атты монографиялық еңбектерін атауға болады. Осы еңбектер түріктердің исламды жоғарыда көрсетілген мерзімнен әлде қайда ерте қабылдағанын, дәлірек айтсақ VIII ғасырдың екінші жартысында қабылдай бастағанын дәлелдеп беріп отыр.

З.Жандарбек өз еңбектерінде зерттеу жұмысының басты нысанасы етіп елімізге VIII-XII ғғ. ислам дінінің енуі, дамуы тарихы жөнінде тың деректер бере алатын Маулана Сафи ад-дин Орун-Қойлақының «Насаб-нама» атты тарихи шежіресін алған. Орун-Қойлақы –Түркістан жеріне VIII ғасырда «ислам аша» келген Исхак бабтың жетінші ұрпағы.

Ғалым тарихи құнды шындықты алыстан іздемей, қазіргі кезде қожалар әулеті өмір сүретін жерлерден, олар жазып, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келе жатқан «Насаб-наманың» 7 нұсқасы мен 31 қолжазбасына талдау жасап, олардағы тарихи деректерді салыстырып зерттеу нәтижесінде, елімізге ислам дінін алғаш қашан, кімдер, қандай мақсатта алып келгенін көрсетіп отыр. «Насаб-нама» нұсқаларындағы мағлұматтар ел басқарған хандармен, сұлтандармен және жауапты адамдармен куәландырылып, мөр соғылып отырған және оларға кейін түзетулер енгізілмей, сол қалпында сақталған. Сондықтан ол мағлұматтарға сенбеске болмайды. Сондай-ақ, ғалым әлі ғылыми айналымға түспеген «Темір-нама», «Садр ад-дин Шайх рисаласы», әулиелі жерлер туралы аңыздар, қазақ шежірелері, «Қорқыт Ата» кітабы сияқты дерек көздерін де пайдаланған.

З.Жандарбек VIII-XII ғғ. арасында Түркістан жеріне келген ислам дінінің әр түрлі ағымдары мен олардың түркі халықтарының діни-философиялық көзқарасын қалыптастырудағы орны жөніндегі мағлұматтарды осы «Насаб-нама» нұсқаларынан табады. Оған мысал: түркілер арасына *шафиййа*, *исмаилийа* ағымдарының келгендігі, сондай ақ, бұл ағымдар ішіндегі *кайсаниййа-мубаййидийа* ағымының ірі саяси, рухани өзгерістер әкелгені, кімдердің әкелгені туралы деректер. Ғалым: «Бұл ағымдардың барлығы түркі халықтарының діни-философиялық көзқарасын қалыптастыратын рухани қабаттар еді. Қожа Ахмет Йасауи тариқатының қайнарлары осы рухани қабаттарда жатты»[6.13] – деп қорытындылайды.

З.Жандарбектің зерттеу жұмысы, біріншіден, ислам дінінің нақты елімізде тарау уақытын көрсетіп берсе, екіншіден, халықтың тарихи жадында, ауыз әдебиетінде, аңыздары мен эпостарында тарихи дамуымызды көрсететін мағлұматтардың әлі де мол екенін меңзейді. Сондықтан, әлі де тың мағлұматтарды іздестіріп, ислам дініне байланысты өзекті мәселелердің басын ашып алуымыз керек.

Бір айта кететін мәселе, З.Жандарбектің ғылыми жаңалығы жөнінде бір де бір тарихшы, дін тарихымен айналысушы, басқа да қоғамдық ғылымдар өкілдері әлі күнге дейін ойларын ортаға салған жоқ. Үндемегендіктері ғалымның ғылыми-тарихи жаңалықтарымен келіскендіктері болуы керек. Олай болса, ғылыми жаңалықтарды ғылыми айналымға енгізіп, төл тарихымызға түзетулер мен толықтырулар жасауымыз қажет.

Екіншіден, ғылыми шығармаларда еліміздің территориясына ислам діні бейбіт жолмен тарады, немесе күш көрсету арқылы тарады деген екі қарама-қарсы пікірлерде бар. Бұл екі пікір де бірбеткей, яғни исламның таралуының бір жолын ғана көрсетуге және соны дұрыс деп дәлелдеуге бағытталған. Ислам дінінің елімізге таралуында бұл екі жолдың да болғандығын, яғни исламды орнату күш көрсету әдісімен де, бейбіт жолмен де, сонымен қатар түріктер мен арабтардың өзара түсінісуі, келісімі арқылы да жүргізілгендігі және оларға сол кездерде белгілі бір тарихи жағдайлардың ықпал еткендігі жөнінде қолдағы тарихи мағлұматтарға жан-жақты талдау жасаған кезде көз жеткіземіз. Енді осы мәселелерді қысқаша қарастырып көрейік.

Ислам діні Орта Азияға, түріктер арасына алғаш VIII ғ. басында, Халиф Әлидің кезінде, арабтардың жаулап алуы нәтижесінде енді. Оның басқаруы кезінде Хорасанның билеушісі Кутейбе ибн Муслим бірнеше әскери жорықтар жасап, Пайкентті, Бұхараны, Кеш-Шахриябзді, Самарканды және



Хиуаны басып алды. Осы уақыттан бастап Хорасан мен Мауараннахрдағы саяси жағдай шиеленісіп, ақыры арабтар мен түріктер арасындағы болған ұзақ жылдарға созылған соғыстарға алып келді.

VIII ғ. Хорасан мен Мауараннахрды қамтыған саяси-идеялық үрдістердің нәтижесі Аббасилер әулетінің Халифат тағына келуімен аяқталды. Хорасандағы оппозициялық күштердің омейядтарға қарсы күресінің нәтижесінде халифат тағына отырған аббасилер, халифат тағын иеленгеннен кейін, өзінің басты қарсыласы ретінде кешегі жақтастарына қарсы шықты. Оппозициялық күштердің аббасилерге қарсы күресі жеңіліспен аяқталды. Хорасандағы ұзақ жылдарға созылған саяси күрестен түркі халықтары да тыс қалған жоқ. Түркілер үнемі оппозициялық күштер жағында болып, Халифатқа қарсы жорықтарға қатысып отырды. Арабтардың экспансиялық саясатына қарсы күрескен түрік билеушілері омейядтарға, аббасилерге қарсы оппозициялық күштерді өздеріне одақтас етіп алды.

Түркілер Хорасандағы арабтарға қарсы оппозициялық күштерге, жергілікті түріктерге әскери көмек көрсеткенімен бірге, өздері солардың идеологиялық ықпалына түсіп, қайсания-мубайидийа ілімін қабылдады.

Еліміздің қазіргі территориясына ислам діні алғаш рет араб әскер басы Кутейба ибн Муслимнің бастауымен келді. Олар VIII ғасырдың басында, яғни 714 жылы, оңтүстік аймаққа қарудың күшімен, найзаның ұшымен басып кірді. Бұл жөнінде Б.Гафуров: «В следующем, 714 г., Кутейба еще раз обрушивается на Чач. Он превращает его в свою ставку и совершает поход в сторону Испиджаба (современный Сайрам). Кутейбу интересовало не столько торговое значение этого центра, сколько его стратегическая роль: захватив Испиджаб, Кутейба надеялся перерезать основные пути, по которым двигались тюркские отряды на помощь своим среднеазиатским союзникам» [7.316], – дейді. Бұдан осы уақытқа дейін Мауараннахрдағы қандастарына Түргеш қағанатының әрдайым көмек бергенін, олардың Орталық Азияны жаулап алушы арабтарға қарсы қауіпті күш болғанын, екіншіден, Арабтардың Испиджабқа алғашқы жорығы, Орталық Азия шекарасында түргеш әскерінің қатысуы мәселесінің шешілуінің басы болғандығын көреміз.

Бірақ арабтардың алғашқы жорығы сәтсіз болды. Түргеш әскер басы Әбу Музахим қағанның араб экспансиясына қарсы белсенді күресі арабтардың жаулап алған жерлерден кетуімен аяқталды. Кейін Сулық қаған бастаған түргештер 720-721 жылдары Шаш, Ферғана халықтарымен бірігіп, араб әскерлеріне күйрете соққы берді. Ал, 728-729 жылдары Мауараннахр түгелдей арабтардан азат етілді [8.186]. Сулық қаған 737 жылы арабтарға қарсы жорықты жалғастырып, Тохарстанда Хорасан билеушілері Асад ибн Абдаллах бастаған әскерді ол жерден ығыстырып, 737 жылы аумақ толықтай арабтардан тазартылды. Осындай ауыр жағдай кезінде, билік үшін бәсекелестер күресі кезінде Сулық қағанның өлтірілуі Түргеш мемлекетін әлсіретті.

Осы мүмкіндікті пайдаланған арабтардың билеушісі Наср ибн Саййар сол жылы-ақ Орта Азияны жаулап алу үдерісін қайта қалпына келтіре бастайды. Ол бастаған араб әскерлері 737-739 жылдар аралығында Сырдария бойына жорық жасап, онсыз да әлсіреген Түргеш қағандығын бірнеше бөлікке бөліп жіберді. Түркілердің арабтарға қарсы шешуші күш болудан қалғанын түсінген Наср ибн Саййар Уструшана, Ферғана, Шаш билеушілерімен келісімге қол қойып, түркілермен арадағы шекараны нығайтты [9.49].

Жоғарыда айтылғаннан анық белгілі болып отырған мәселе – арабтардың күш көрсету әдісін пайдаланғаны, сонымен бірге, түркілердің араб жаулаушыларына қарсы рухани бірлігінің жоқтығынан ауызбіршіліктерінің болмауы.

Арабтар алғашқы жорығында дін тарату мәселесін басты мақсат етіп қоймаған, басты мақсаттары көмек беруші Түргеш қағанатының жолын кесу болған. Соған қарамастан әскерлермен бірге жорыққа ислам миссионерлері де қатысқан, алайда, арабтардың жеңіліске ұшырауы оларға жаңа дінді уағыздау ісімен белсенді айналысуға мүмкіндік бермеді.

Екінші кезеңде, яғни, VIII ғ. екінші жартысында Аббасилерден жеңілген түрік билеушілері мен Хорасандағы оппозициялық күштердің Исхақ баб бастаған бөлігі Мауараннахрға, одан әрі Түркістан жеріне өтті. Олар Түркістан өңіріне келіп, түркі тайпалары арасында дін тарата бастайды.

Бұл жерде белгілі болып отырған мәселе Түркістан жерінде исламды ықпалдас екі топтың таратқандығы. Бірінші топ – Хорасанға, Мауараннахрға көмектесу кезінде өз еріктерімен дінді қабылдаған жергілікті түріктер, екіншісі – дін таратуды әдейі мақсат етіп келген арабтар. Біріншілер жалпы жергілікті халықты ислам дінімен таныстырып, хабардар етіп, дінді бейбіт жолмен өз туысқандары, жақындары, дос-жарандары, мекендеген жерлердегі шағын топтар арасында таратса,



екіншілері дін ілімін, қағидасын, әдет-ғұрпын, дәстүрін, шын мәнінде насихаттап тарату үшін, алдыменен күш көрсету әдісін қолданып, кейін үгіт-насихат жолына көшкен.

Осы екі топтың Түркістан жеріне «ислам аша келуі» (ислам тарату) бір тарихи кезеңге – VIII ғасырдың екінші жартысына сай келеді. Басқарып келгендер Абд ар-Рахим-баб, Абд ал-Жалил-баб пен Исхақ-баб. «Насаб-нама» нұсқаларында Исхақ-баб пен оның серіктерінің Түркістан жеріне хиджранын 150/766-767 жылы 150 мыңнан астам еріктілермен келгені жазылады.

«Насаб-нама» нұсқаларында Исламның Түркістанға келу тарихы, таралу әдістері жөнінде толық баяндалады.

Онда жазылғандардан, біріншіден, «ислам аша келгендердің» бастапқы кезде, дінді үлкен әскермен келіп, күшпен кіргізгенін анықтасақ, екіншіден, одан әрі Исхақ баб бастағандардың исламды бейбіт жолмен уағыздап, жергілікті халық арасына таратумен айналысқанын және үшіншіден, бұлардың исламды Түркістанда тұрақтандыруға келген соңғы толқын екенін білеміз.

Дерек көздерінде көрсетілгендей Исхақ баб бірінші болып Испиджабта Әдина, Жұма мешітін салдырып, олардың құрылысына 3500 алтын ақша қаражат жұмсайды. Исхақ баб Испиджабта мешіт салған соң оқу-тәрбие жұмысына көп көңіл бөлген. Ол үшін оған көптеген уақыптық жерлер бөлінген. Ол кезде уақыптық жерлер медресе, мектеп, бала тәрбиесі үшін бөлінген. Исхақ баб Қаратауға шығып, Қарғалы қаласына мектеп салады. Қаратаудың қойнауында бірнеше жерден медресе ашып, бала оқытқан. Қалған өмірінде бала тәрбиелеу, ілім таратумен айналысқан. Демек, елімізде ислам жамағатын тұрақтандырып, жолға қойған осы үш баб болды деп ашық айтуымызға болады.

Үшінші кезең осы кезге дейін әлі ислам дінін қабылдамаған түрік қағандығындағы ішкі қырқыстарды пайдалануға тырысқан Қытай империясының Таң әулеті Жетісу өңірін жаулап алып, өз билігін жүргізе бастауымен байланысты. Олар батысқа қарай кеңею саясатын жүзеге асыру мақсатында Суяб және Талас (Тараз) қалаларын басып алып, өзіне бағындырады. Одан әрі қалың қолмен Шашқа аттанып, оның әміршісін өлтіріп, ерлерін тұтқындап, әйелдері мен балаларын өлтіріп, қаланы бағындырады. Күтпеген жағдайға душар болған әміршінің баласы Зияд ибн Салих мұсылмандардан, яғни Аббаситтерден көмек сұрауға мәжбүр болады. Ал Шашты қытайлардың жаулап алуының басты себебі – ондағы өздеріне бағынышты Орта Азия вассалының бағынудан бас тартуы және болашақта қауіпті қарсыласқа айналуы мүмкін түрік тайпаларының күшін алдын-ала жою.

Мұсылмандар қытайларға қарсы көмекке өз жасақтарын аттандырады. Олар 751 жылы Тараз маңындағы Атлах деген жерде Қытай қолымен кездеседі. Бұл шайқаста қытайлықтар ауыр жеңіліске ұшырап, жаулап алған жерлерін тастап қашуға мәжбүр болады. Осылайша Жетісу, Оңтүстік аймақтары толығымен қытайлықтардан азат етіледі.

Тарихта «Талас қазауаты» аталған бұл оқиға Орта Азия және түрік тайпаларының болашақ тағдырын шешкен маңызды оқиға болды. Біріншіден, Қытай империясының экспанциялық жоспарлары тоқтатылып, буддизмнің ел арасына таралуына жол берілмеді. Екіншіден, бұл соғыс кезінде түріктер мен арабтардың арасындағы қалыптасқан достық, ынтымақтық, түсіністік қатынастар екі жаққа да пайдалы болды. Түріктер арабтардың көмегімен ел, жер тұтастығын сақтап қалса, арабтардың түпкі мақсаты дін таратуға мол мүмкіндік туды.

Талас оқиғасынан кейін, сол аймақтағы түрік тайпалары мұсылмандықты қабылдай бастады. Олардың арабтармен көп жылғы қақтығыстары аяқталып, ислам әлеміне ену үдерісі қарқынды бастау алды. Бұрын жекелеген адамдар, аздаған топтар, немесе тайпалар, белгілі бір аймақтар ғана ислам дініне бет бұрса, енді тұтас аймақтардың тұрғындары жаппай дінді қабылдай бастады.

Сонымен қатар, бұл қатынастарды белгілі себептерге байланысты екі жақтың да бұзған кездері болған. Мысалы, Жетісу қарлұқтары Ферғана қарлұқтарын қолдап, арабтарға қарсы соғысты. Араб қолбасшысы Амр ибн Жамил «Ферғанаға бейбітшілік» деген ұранмен жазалау жорығын жүзеге асыруға мәжбүр болды. Бұл жөнінде В.В.Бартольд: «Тюрки вмешивались в происходившие в Мавераннахре беспорядки, причем мятежники иногда сами призывали их на помощь; но с такими значительными тюркскими силами, как в эпоху Омейядов, арабам уже не приходилось иметь дело» [10. 259], – деп жазды.

Сол сияқты жаңа территорияларды жаулап алып, оларға исламды енгізу жөніндегі ойларын одан әрі жүзеге асыру үшін IX ғ. басында арабтар Таразға бен Құланға соғыспен келді. В.В.Бартольд: «Ибн ал-Асир приводит рассказ об экспедиции, предпринятой арабами в 194/810 г. против города Кулан (в районе Аулие-Ата), в которой был убит суфий Шекик б. Ибрахим Балхи. Перед началом войны с халифом Амином (811 г.) Мамун жаловался своему везиру Фазлу б.Сахлю, что ему приходится начать



войну в самый неблагоприятный момент...» [10.260] – деп көрсетеді. Автор, бұл қарлұқтық жабғанын арабтарға бағынудан бас тартқанына байланысты болды, бас имеушілікті Тибет қағаны да байқайды деп түсіндіреді. Бұл кезде Қабул патшасы Хорасанды басып алуға дайындалады, ал Отырар патшасы арабтарға бұрын төлеген алым-салық төлеуден бас тартады. В.В.Бартольд Оңтүстік Қазақстан облысы жөнінде: «Фазл посоветовал ему написать письма джабгу и хакану, пожаловать им те области, которыми они уже владели, и обещать им помощь в борьбе с (другими) царями ...подарить отрарскому царю, в виде милости, дань за один год» [10.260] – дейді. Бұл оқиғалар дінге байланысты түріктер мен арабтардың мәселесінің әлі түпкілікті шешілмегендігін, әлі дінді, арабтарды мойындамайтын аймақтардың жеткілікті екенін көрсетеді.

Жоғарыдағы келтірілген тарихи деректерден белгі болғандар:

Біріншіден, Ислам дінінің еліміздің аумағына ғылыми-тарихи шығармаларда бекіп қалған 951 жылдан екі ғасыр бұрын, яғни 766-767 жылдары кіргенін көреміз. Және бұл тарихи шындыққа сай. Себебі, бір аймақта орналасқан, біздермен тегі бір, мәдениеті бір, араласып жатқан Мауераннахрды мекендеген түркі тайпаларына тараған діннің көршілес біздің елімізге екі ғасыр кеш келуі шындыққа сай келмейді.

Екіншіден, Ислам дінінің әр түрлі әдістермен, жолдармен кіргенін білеміз. Атап айтқанда, күш көрсету, бейбіт жолмен, сонымен бірге, түсіністік, өзара келісім жолдарымен болғандығын және олардың белгілі бір кездерде бұзылып отырғанын көреміз. Сондықтан, тек қана күшпен енді немесе бейбіт жолмен енді деген сыңаржақ түсінушіліктің дұрыс емес екендігін түсініп, одан бас тартуымыз қажет, объективтілікті мойындауымыз қажет.

Үшіншіден, ислам дінінің алғашқы елімізге енуі, дамуы кезеңіндегі күрес Йасауи тариқатына дейін жалғасып, жергілікті наным-сенімдермен қарама-қарсылыққа келгенін айта кетуіміз керек. Бұл өз алдына жеке қаралатын тақырып.

Әдебиеттер:

1. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы: Ел-шежіре: - 2006. – 255 б.
2. Маркс К., Энгельс Ф. Собр. соч., Изд. 2-е., Т. 13.
3. Артықбаев Ж. Казахское государство: к проблеме методологии // Государство и общество в странах постсоветского Востока: история, современность, перспективы: Материалы Международной конференции. – Алматы: «Дайк-Пресс», - 1999. – С. 37-47.
4. Маркс К., Энгельс Ф. Собр. соч., Изд. 2-е., Т. 6.
5. Бартольд В.В. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. Сочинения. Т. 2, ч.1. – М.: Издательство восточной литературы, 1963. 1020 с.
6. Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.
7. Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. – М., - 1972.
8. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. -Алматы: Дайк-Пресс, - 2002. – С. 238.
9. Самойлович А.Н. Западный Туркестан со времени завоевания арабами до монгольского владычества. – С- Пб., 1903.
10. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинения. Т.1. – М.: Издательство восточной литературы, 1963. – С. 760.